

№ исх: 16-2/3780 от: 05.03.2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы  
ғимарат 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24  
e-mail: info@economy.gov.kz

010000, город Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел  
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-24  
e-mail: info@economy.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Г. Қ. Бижановаға  
В.К. Божкоға**

*2018 жылғы 9 ақпандағы № ДЗ-40 депутаттық сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі зияткерлік меншік құқығын тауысу мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 2018 жылғы 7 ақпандағы пленарлық отырысында айтылған жоғарыда көрсетілген сауалды қарастырып, мынаны хабарлайды.

Тауар таңбаларына айырықша құқықты өңірлік тауысу қағидаты Қазақстан Республикасының аумағында 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Зияткерлік меншік құқығын қорғау мен сақтау саласындағы реттеудің бірыңғай қағидалары туралы келісімнің (*бұдан әрі - Келісім*) 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап өз күшіне енгеннен бері қолданылуда.

2014 жылы өңірлік тауысу қағидаты Келісімнен сол көлемде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа ауыстырылды (*бұдан әрі сәйкесінше – ЕАЭО, ЕАЭО туралы шарт, Одақ*).

2015 жылы сәуірде Қазақстан Республикасының «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңына ЕАЭО туралы шартқа сәйкестендіру мақсатында техникалық түзетулер енгізілді. ЕАЭО туралы шарт та, Келісім де бұл заңға қарағанда басымдыққа ие.

Айырықша құқықты өңірлік тауысу құқығы тыйым салу болып табылмайтынын атап өтеміз. Бұл жағдайда біртума тауарларға қатысты тек белгілі бір өңірдің аумағында (*ЕАЭО*) «параллельді импорт» рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы бұл қағидатты Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында бекітілген кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің (*Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 25 наурыздағы № 475-V ЗРК заңымен ратификацияланған, бұдан әрі – ҚР-ЕО келісімі*) шеңберінде де қолданады.

Осылайша, Үкіметтің саясаты мен Қазақстанның заңнамасы 2012 жылдан бері тұрақты болып келеді, және айырықша құқықты өңірлік тауысу қағидатын қайта қарау бойынша қандай да бір түбегейлі шешім қабылданбады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Қазақстан Республкасының заңнамасында сауалда көрсетілген жекелеген тауарлардың түрлеріне қатысты бағаның мүмкін негізсіз көтерілуіне жауап берудің әртүрлі құралдары мен тетіктері көзделген (*Кәсіпкерлік кодекс, Патенттік заң, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт*).

Сонымен қатар, зияткерлік меншік құқығы саласындағы ЕАЭО мүше мемлекеттерінің саясатын одан әрі ырықтандыру мақсатында Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 6 өкімімен (*бұдан әрі – Үкіметаралық кеңес*) ЕАЭО туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасын (*бұдан әрі – Хаттама жобасы*) әзірлеу тапсырылды. Хаттаманың жобасында Үкіметаралық кеңеске жекелеген тауарларға қатысты тауар таңбаларына айырықша құқықты өңірлік тауысудың қағидатынан уақытша алып тастауларды бекіту бойынша құзыреттілікті беру көзделеді.

Осы рәсімге бастамашылық ету тек қана мына шарттарды сақтаған жағдайда:

- егер мұндай тауарлар Одақтың ішкі нарығында қолжетімсіз болған жағдайда;

- егер мұндай тауарлар жеткіліксіз мөлшерде және (немесе) жоғары бағамен қол жетімді болған жағдайда;

- мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерінен туындаған басқа жағдайларда ғана мүмкін деп қарастырылуда.

ЕАЭО мүше мемлекеттері Еуразиялық экономикалық комиссиямен (*бұдан әрі - Комиссия*) бірлесіп тиісті Хаттама жобасын әзірледі және 2017 жылы 24 сәуірде Комиссия Хаттама жобасын мемлекетішілік келісу жүргізу үшін мүше мемлекеттерге жолдады.

Мемлекетішілік келісу нәтижесі бойынша Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы зияткерлік меншікке айырықша құқықты халықаралық тауысу қағидатын уақытша қолдануды жалпы қолдайды.

Қазақстан Республикасы да Хаттаманың жобасын тұжырымдамалық түрде қолдайды, алайда ҚР-ЕО келісімі шеңберінде қабылданған міндеттемелердің бар болуы себебінен ЕАЭО туралы шарттың нормаларын мүше мемлекеттердің басқа халықаралық шарттарымен келісуге бағытталған ережелерді Хаттаманың жобасында сақтап қалуға қатысты ескерту бар.

**Анықтама ретінде:**

*Ресей Федерациясы Хаттаманың жобасынан мүше мемлекеттердің үшінші мемлекеттермен бекіткен халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерінің мүше мемлекеттердің ЕАЭО шеңберіндегі міндеттемелеріне қарағанда артықшылыққа ие болуын көздейтін норманы алып тастауды ұсынады.*

*Бұл ретте, айырықша құқықты ұлттық немесе өңірлік тауысу құқығын қолдану бойынша міндеттеме Еуропалық одақпен кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде тек қана Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасында бар.*

Қазақстандық тараптың бұл ескертуі қазіргі уақытта ЕАЭО мүше мемлекеттерінің уәкілетті органдарымен және Комиссиямен пысықталуда.

Беларусь Республикасы айырықша құқықты өңірлік тауысу қағидатынан алып тастауларды орнату тетігін енгізуден экономикалық әсерді бағалау мүмкін еместігіне байланысты бұл мәселені қосымша пысықтау қажеттігі туралы хабарлады.

Тиісті құжаттарды қоса беріп нақты ұсыныстар ұсыну арқылы өңірлік қағидаттан халықаралық қағидаттың пайдасына уақытша алып тастауларға арналған, Хаттаманың жобасында ұсынылған бұл тетік тұтынушыларға біртума тауарларға төмен бағамен қол жеткізуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, халықаралық тауысу қағидаты тұтынушылардың ішкі сұранысын қамтамасыз ете алатындай өз өндірісі жеткілікті түрде дамыған мемлекеттерде қолданылатынын атап өту қажет.

Сондай-ақ, бұл мәселеде мыналар маңызды болып қала бермек:

- Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық, әсіресе, ҚР-ЕО келісімі шеңберінде қабылдаған міндемелелерді сақтау;

- жүргізіліп жатқан инвестициялық саясат бөлігінде заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету, себебі өз өнімдерінің тауарлық таңбаларының құқық иеленушісі болып табылатын ірі инвесторлар өздерінің айырықша құқықтарын қорғау бойынша тауардың бағасын қалыптастыру кезінде ескерілетін кепілдемелер бар болған жағдайда ғана белгілі бір елге инвестициялар құю туралы шешім қабылдайды;

- тұтынушыны біртума тауарды арзан, сапасыз, кейде денсаулыққа қауіпті контрафактімен алмастыруды болдырмай, сапалы әрі қолжетімді біртума тауармен қамтамасыз ету.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары зияткерлік меншік құқығын тауысу мәселесін тұтынушылар мен мемлекеттің мүдделерінің теңгерімін сақтау керектігін ескеріп, кезең-кезеңімен пысықтайтын болады.

**Министр**

**Т. Сүлейменов**

**Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Г.К. Бижановой  
В. К. Божко**

*На депутатский запрос от 9 февраля 2018 года № ДЗ-40*

**Уважаемые депутаты!**

Министерство национальной экономики Республики Казахстан, рассмотрев вышеуказанный запрос касательно вопроса исчерпания права на интеллектуальную собственность, озвученного 7 февраля 2018 года на пленарном заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан, сообщает следующее.

Региональный принцип исчерпания исключительного права на товарный знак был введен на территории Республики Казахстан Соглашением о единых принципах регулирования в сфере охраны и защиты прав интеллектуальной собственности от 9 декабря 2010 года и вступившим в силу с 1 января 2012 года (*далее - Соглашение*).

В 2014 году региональный принцип исчерпания из Соглашения был перенесен в том же объеме в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года (*далее соответственно – Договор о ЕАЭС, ЕАЭС, Союз*).

В апреле 2015 года в Закон Республики Казахстан «О товарных знаках, знаках обслуживания и наименованиях мест происхождения товаров» были внесены технические поправки с целью приведения в соответствие с Договором о ЕАЭС, имеющим, так же как и Соглашение, приоритет перед настоящим Законом.

Необходимо отметить, что региональный принцип исчерпания исключительного права не является запретом. В этом случае, разрешается «параллельный импорт» в отношении оригинальных товаров, только в пределах определенного региона (*ЕАЭС*).

Данный принцип также применяется Республикой Казахстан в рамках заключенного Соглашения о расширенном партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Европейским союзом (*ратифицировано Законом Республики Казахстан от 25 марта 2016 года № 475-V ЗРК, далее – Соглашение РК-ЕС*).

Таким образом, политика Правительства и законодательство Казахстана были стабильными с 2012 года, и какие-либо кардинальные решения по пересмотру регионального принципа исчерпания исключительных прав не принимались.

Также необходимо отметить, что в настоящее время законодательством Республики Казахстан предусмотрены различные инструменты и механизмы реагирования на возможное необоснованное завышение цен в отношении отдельных видов товаров, указанных в запросе (*Предпринимательский кодекс, Патентный закон, Договор о Евразийском экономическом союзе*).

Вместе с тем, в целях дальнейшей либерализации политики государств-членов ЕАЭС в сфере интеллектуальной собственности распоряжением Евразийского межправительственного совета от 13 апреля 2016 года № 6 (*далее - Межсправсовет*) поручено разработать проект Протокола о внесении изменений в Договор о ЕАЭС, предусматривающий наделение Межсправсовета полномочиями по установлению в отношении отдельных видов товаров временных исключений из применения регионального принципа исчерпания права на товарный знак (*далее – проект Протокола*).

Предполагается, что инициирование данной процедуры будет возможно только при соблюдении следующих условий:

- в случае если такие товары недоступны на внутреннем рынке Союза;
- в случае если такие товары доступны в недостаточном количестве и (или) по завышенным ценам;
- в иных случаях исходя из социально-экономических интересов государств-членов.

Государствами-членами ЕАЭС совместно с Евразийской экономической комиссией (*далее - Комиссия*) разработан соответствующий проект Протокола и направлен 24 апреля 2017 года для проведения внутригосударственного согласования (*далее - ВГС*).

По итогам ВГС Республика Армения, Кыргызская Республика и Российская Федерация концептуально поддерживают временное применение международного принципа исчерпания исключительного права на интеллектуальную собственность.

Республика Казахстан также концептуально поддерживает проект Протокола, при этом имеется принципиальное замечание в части сохранения в проекте Протокола положений, направленных на согласование норм Договора о ЕАЭС с иными международными договорами государств-членов ввиду наличия обязательств, принятых в рамках Соглашения РК-ЕС.

**Справочно:**

*Российская Федерация предлагает исключить из проекта Протокола норму, устанавливающую преимущество обязательств государств-членов, вытекающих из международных договоров с третьими странами, над обязательствами государств-членов в рамках ЕАЭС.*

*При этом, обязательства по применению национального или регионального принципа исчерпания исключительного права в рамках заключенного Соглашения о расширенном партнерстве и сотрудничестве с Европейским союзом имеются только у Республики Армения и Республики Казахстан.*

Данное замечание казахстанской стороны в настоящее время прорабатывается с уполномоченными государственными органами государств-членов ЕАЭС и Комиссией.

Республика Беларусь сообщила о необходимости дополнительной проработки данного вопроса в связи с невозможностью оценки

экономического эффекта от введения механизма установления исключений из регионального принципа исчерпания исключительного права.

Полагаем, что механизм, предложенный в проекте Протокола, для временных изъятий из регионального принципа в пользу международного принципа путем представления конкретных предложений с приложением соответствующих документов позволит потребителям получить доступ к оригинальным товарам по сниженным ценам.

Вместе с тем, необходимо отметить, что международный принцип исчерпания применяется в развитых странах, у которых достаточно развито собственное производство, позволяющее покрыть внутренний спрос потребителей.

Также немаловажным в этом вопросе является:

- соблюдение Республикой Казахстан принятых международных обязательств, в частности в рамках Соглашения РК-ЕС;

- обеспечение стабильности законодательства в части проводимой инвестиционной политики, т.к. крупные инвесторы, являющиеся правообладателями товарных знаков своей продукции, принимают решение по размещению инвестиций в конкретной стране при наличии гарантий по защите своих исключительных прав, учитываемых при формировании цены товара;

- необходимость обеспечения потребителя качественным и доступным оригинальным товаром, исключая его замену дешевым, некачественным, порой опасным для здоровья контрафактом.

На основании вышеизложенного, уполномоченными органами Республики Казахстан вопрос исчерпания права на интеллектуальную собственность будет прорабатываться поэтапно, с учетом необходимости соблюдения баланса интересов потребителей и государства.

**Министр**

**Т. Сулейменов**